

Хаттама №2

« 2 » қыркүйек 2025 жыл

Қарсақбай кенті

«Балдәурен» бөбекжайы КМҚК

Қатысқаны: 7 адам

1. Байғорин Б.З. - комиссия төрағасы, кент әкімдігінің маманы
2. Кенжебекова К.К. - комиссия мүшесі, бөбекжай әдіскері
3. Сарыбаев Д. - комиссия мүшесі, шаруа қожалық иесі
4. Маменова А. - комиссия мүшесі, жеке кәсіпкер
5. Утепбергенова К.М. - комиссия мүшесі, бөбекжай тәрбиешісі
6. Қазанғап Ә.Б. - комиссия мүшесі, бөбекжай ата-аналар комитетінің төрайымы
7. Алантай М.Е. - комиссия мүшесі, жеке кәсіпкер

Күн тәртібі:

1. 2025-2026 оқу жылында «Балдәурен» бөбекжайындағы әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 9 шілдедегі № 523 Қаулысына сәйкес әлеуметтік осал топқа жататын балаларды анықтау.

Тыңдалды:

2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Білім туралы" заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 9 шілдедегі № 523 Қаулысына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) сәйкес бөбекжайдағы тәрбиеленушілердің келесі жекелеген санаттарын саралай келе:

Жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған;

Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар, бала кезінен мүгедектігі бар;

Көп балалы отбасылардан шыққан;

Атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан 2025-2026 оқу жылында 4 (төрт) бала анықталды.

Осы балалардың тамақтану шығыстарын жергілікті бюджет есебінен толық өтелу ұсынылды.

(Тізімі қоса тіркеледі)

Кеңес мүшелері бұл ұсынысты бір ауыздан қолдады.

Шығып сөйлеушілер:

1. Байғорин Б, Маменова А, Сарыбаев Д.

2025-2026 оқу жылының қыркүйек айында бекітілген осал топқа енген тәрбиеленушілер тізіміне енген өзгерістермен таныстырып өтті. Жолдыбай Аруназ, Оразбек Дамир, Серікбай Зейнепті көп балалы отбасынан шыққандықтан және отбасының айлық табысы отбасы мүшелеріне шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейіне жетпегендіктен, Сұлтан Айсұлтанды мүгедектігіне байланысты тізімге енгізу жөнінде ұсыныс айтты.

Ұсыныс кеңес мүшелері тарапынан мақұлданды.